

# Қазақ тілі (B2 деңгейі). 2-семестрге арналған. 14-сабақ. Екінші бөлім.

**Лексикалық тақырып: Кәсіби сөйлеу мәдениеті.**

**Грамматикалық тақырып: Кәсіби терминдер, ғылыми стиль ерекшеліктері.**

**Оқылым. 1-тапсырма.** Мәтінді түсініп, мәнерлеп оқыңыз.

**Кәсіби терминология** – өндіріс пен техниканың, ғылым мен өнердің, экономика мен қаржының, қоғамдық өмірдің тағы басқа саласына тән терминдердің жиынтығы. Қазақ тілінде орыс тілі, ағылшын тілі және басқа да шет тілдерден енген терминдер бар. Терминдер жөнінде комиссия (терминком) жұмыс істейді.

Кәсіби тілдік термин жүйесі - бұл жалпы қолданысқа енбеген адам қызметінің әртүрлі салаларында қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері. Кәсіби лексика құрамында қолдану саласы бойынша әртүрлі сөздер топтарын бөліп көрсетуге болады: кәсіпқойлықтар (спортшылардың, кеншілердің, аңшылардың, балықшылардың және т. б. сөйлеуінде қолданылады). Белгілі бір кәсіппен, шаруашылық саласымен шұғылданатын адамдар арасында қолданылатын, көпшілікке бірдей түсінікті бола бермейтін сөздер кәсіби сөздер деп аталады.

Қазақ тіліндегі термин сөздер. Термин – сөздер дегеніміз ғылым мен техника, өнер т.б. салаларда келетін сөздер атауы. Ғылым мен техника салаларының дамуына байланысты түрлі жаңа сөздер туындайды, ғылыми тіл қалыптасады. Тілдердің терминологиясын белгілі бір сала бойынша терминдер қалыптастырады. Яғни кез келген ғылым саласын игеру үшін осы салаға қатысты терминдер түзіледі.

## **Ғылыми стиль ерекшеліктері.**

Стиль – сөйлеушінің, жазушының белгілі бір тақырыпқа қатысты сөз айтуы.

Қазіргі қазақ әдеби тілінің мынадай стильдік тармақтары бар:

- ресми іс қағаздар тілінің стилі;
- публицистикалық стиль;
- ғылыми-көпшілік әдебиет стилі;
- көркем әдебиет стилі;
- ауызекі сөйлеу тілінің стилі.

### ***Стильдердің қолданылу аясы:***

Ғылыми стиль – ғылыми еңбектерде, ғылыми баяндамаларда, лекцияларда, ғылыми оқулықтарда қолданылады.

Ресми іс-қағаздар стилі – іс-қағаздарда, нұсқау хаттар мен кеңсе құжаттарында қолданылады.

Публицистикалық стиль – газет-журналда, жиналыстар мен митингілердегі сөздерде қолданылады.

Көркем әдебиет стилі – көркем әдеби шығармаларда қолданылады.

Ауызекі сөйлеу стилі – адамдармен еркін әңгіме кезінде қолданылады.

### ***Стильдердің ерекшелігі:***

Ғылыми стиль: дәлелді, зерттелген, сөзді тура мағынада алу.

Ресми іс-қағаздар стилі – ресми, анық, дәл, нақты.

Публицистикалық стиль: шақыру, үндеу, нақтылық. (мақала).

Көркем әдебиет стилі: образды, эмоционалды, экспрессивті.

Ауызекі сөйлеу стилі: сөздер мен сөз тіркестерінің еркін қолданылуы, күнделікті сөйлесу стилі.

### ***Стильдердің тілдік құралдары:***

*Ғылыми стильде* – ғылыми терминдер жиі қолданылады. Көбіне хабарлы сөйлем болып келеді. Осы шақ, өткен шақта жиі қолданылады.

*Ресми іс-қағаздар стилінде* – кітаби, ресми сөздер мен тіркестер, хабарлы сөйлемдер мен даяр тіркестер мен құжат тілдері жиі қолданылады.

*Публицистикалық стильде* – риторикалық сұрақтар, стильдік қайталау, антитеза пайдаланылады.

*Көркем әдебиет стилінде* – ауыспалы мағына, көркемдік тәсілдер, суреттеме құралдары (теңеу, метафора) қолданады.

*Ауызекі сөйлеу стилінде* – қарапайым сөздер мен сұраулы, лепті сөйлемдер жиі қолданылады, көбінесе диалог түрінде келеді.

**Ғылыми стиль және ғылыми стильдегі кәсіби мәтіндер.** Ғылыми стиль – зат не құбылыс ғылыми негізде сипатталып, дәлелдеуді қажет ететін стильдің бір түрі. Пікірдің дұрыстығын дәлелдеу үшін ғылыми стильге нақтылық, логикалық мазмұн дәлелдігі қажет.

Ғылыми стильде сөйлемдегі сөздердің қалыпты орны, тіл нормасы қатаң сақталады. Ғылыми стильде сөз көп мағыналы болып келмейді. Тек сөздің белгілі бір анықтамасы арқылы қолданылады. Ғылыми стильдегі еңбектерге монография, оқулық, мақала, ғылыми есеп, диссертация, реферат, баяндама, тезистер, патенттер тағы басқа жатады.

Ғылыми стильде ғылыми терминдер жиі қолданылады. Көбіне хабарлы сөйлем болып келеді. Осы шақ пен өткен шақта жиі қолданылады.

Ғылыми стиль – жазба стилінің бір түрі, басты лексикалық ерекшелігі – терминдер. Терминдер – ғылым мен техниканың, өнер мен саясаттың белгілі бір саласында қолданылатын нақты бір ұғымның атауын білдіретін сөз немесе сөз тіркесі.

**Жазылым.**

**1-тапсырма.** Мамандығыңызға қатысты термин сөздермен сөйлемдер құрастырып жазыңыз.

**2-тапсырма.** Отбасыңыздағы ата-аналарыңыздың, туыстарыңыздың істейтін кәсібіне қатысты термин сөздерді қатыстырып әңгіме жазыңыз.

**Айтылым.** Ғылыми стиль ерекшеліктері туралы айтыңыз.

**Тыңдалым.** Мамандығыңызға қатысты ақпараттарды тыңдап, көріп, қосымша мәліметтер даярлаңыз.

**14-сабақ аяқталды.**